| 16.8 | Каждая Сторона соглашается с тем, что она не совершит каких-либо действий, которые приведут к совершению Преступлений другой Стороной, а также обязуется возместить другой Стороне любые штрафные санкции, убытки, издержки (включая, без ограничений, судебные издержки) и прочие расходы, понесенные другой Стороной в результате любого из Преступлений, совершенных вовлеченной Стороной или любым из ее Связанных лиц.                                                                                             | Әрбір Тарап екінші Тараптың Қылмыстарды жасауға итермелейтін қандай да болсын әрекеттерді жасамайтынымен келіседі, сондай-ақ тартылған Тараппен немесе оның Байланысты тұлғаларының кез-келгенімен жасалған кез-келген Қылмыстар нәтижесінде екінші Тарап артқан кез-келген айыппұл санкцияларын, залалдарды, ұсталымдарды (шектеусіз сот ұсталымдарын қоса) және өзге шығындарды екінші Тарапқа өтеуге міндеттенеді.                                                                               | Each Party agrees that it shall commit no action which would cause the other Party to commit an Offence and shall indemnify the other Party against any fines, damages, costs (including but not limited to legal fees), losses, liabilities, fees, penalties and expenses incurred by the other Party as a result of any of the Offences committed by the Party involved or any of its Associated Persons.                                                                               |
| 16.9 | Несоблюдение любой из Сторон какой-либо части данного раздела представляет собой существенное нарушение настоящего Договора, позволяющее другой Стороне немедленно расторгнуть Договор и/или отказаться от него. Покупатель оставляет за собой право отказать в размещении заказа или в его выполнении, отменить любой заказ по своему собственному усмотрению и отказаться от совершения любых выплат по настоящему Договору, если Покупатель сочтет, что другая Сторона нарушила какую-либо часть настоящего раздела. | Кез келген Тараптың осы бөлімнің қандай да бір бөлімін сақтамауы екінші Тарапқа Шартты дереу бұзуға және/немесе одан бас тартуға мүмкіндік беретін осы Шартты айтарлықтай бұзу болып табылады. Егер Сатып алушы екінші Тарап осы бөлімнің қандай да бір бөлігін бұзды деп есептесе, Сатып алушы өзіне тапсырысты орналастырудан немесе оны орындаудан бас тарту, өзінің қарауы бойынша кез келген тапсырысты жою және осы Шарт бойынша кез келген төлемдерді жасаудан бас тарту құқығын қалдырады.  | Failure by either Party to comply with any part of this Section represents a material breach of this Purchase Order, allowing the other Party to terminate or repudiate the Purchase Order immediately. The Buyer reserves the right to refuse to enter into or to perform any order, to cancel any order at its sole discretion, and to refuse to make any payment under this Purchase Order if the Buyer believes that the Supplier has failed to comply with any part of this section. |

**17 УСЛУГИ ПРЕДСТАВИТЕЛЯ ПОСТАВЩИКА НА РАБОЧЕЙ ПЛОЩАДКЕ, ВИЗЫ И УДЕРЖАНИЕ НАЛОГОВ / ЖЕТКІЗУШІ ӨКІЛІНІҢ ЖҰМЫС АЛАҢЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТТЕРІ, ВИЗАЛАР ЖӘНЕ САЛЫҚТАР ҰСТАУ / SUPPLIER REPRESENTATIVE SITE SERVICES, VISAS AND TAX WITHHOLDING**

|      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |
|------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 17.1 | От Поставщика может потребоваться предоставление Покупателю технического надзора и технической поддержки на Рабочей Площадке либо в других указанных местах, помощи Покупателю в ходе монтажа, пусконаладки, приемочных испытаний, запуска и эксплуатации Товаров, поставленных по настоящему Договору. Поставщик согласен предоставить надлежащий опытный, квалифицированный и сертифицированный персонал для оказания запрошенной поддержки. Поставщик письменно уведомляет Покупателя о планируемой дате прибытия на Рабочую площадку не менее чем за 10 (десять) рабочих дней до предполагаемой даты прибытия. | Жеткізушіден Сатып алушыға Жұмыс алаңында немесе басқа көрсетілген жерлерде техникалық қадағалау мен техникалық қолдау көрсету, Сатып алушыға осы Жеткізу шарты бойынша жеткізілген Тауарларды монтаждау, іске қосу-баптау, қабылдау сынақтары, іске қосу және пайдалану барысында көмек көрсету, қызметкерлерді оқыту және кепілдіктерді растау талап етілуі мүмкін. Егер Тапсырыс деректерінде басқасы көрсетілмесе, осы қызметтер тиісті талаптармен бірге жеке келісімде анықталатын болады. Жеткізуші сұратылған қолдауды көрсету үшін тиісті дәрежедегі тәжірибелі, білікті және сертифициталған қызметкерлерін ұсынуға келісімін береді. Жеткізуші Сатып алушыға Жұмыс алаңына келу күнінен 10 (он) жұмыс күні бұрын жазбаша түрде хабарлайды. | The Supplier may be required to supply technical supervision and support at the Site, or other designated locations, to assist the Buyer with the installation, commissioning, acceptance testing, start-up and operation of the Goods supplied under this Purchase Order and training including warranty validation. Unless stated otherwise in the Order Details, these services, along with applicable terms and conditions, will be defined in a separate agreement. The Supplier agrees that it shall supply suitable experienced, qualified and certified personnel to assist as requested. The Supplier shall notify the Buyer in writing of the planned date of arrival to the Site no less than 10 (ten) business days in advance of the anticipated date of arrival. |
| 17.2 | Если Поставка включает Услугу, то ценовая составляющая таких услуг должна быть четко определена и указана отдельно в Сумме Договора Поставки.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      | Егер Жеткізу Қызмет көрсетуді қоса қамтыса, онда осындай қызметтердің бағасы нақты белгіленіп, Жеткізу шартының сомасында жеке көрсетілуі тиіс.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       | If Supply includes a Service, the price component of such services shall be clearly identified and stated separately in the Purchase Order Price.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |
| 17.3 | При этом, все расходы, связанные с проживанием и питанием сотрудников Поставщика или его представителя (ей), в том числе третьих лиц, привлеченных Поставщиком в период нахождения их на Рабочей Площадке подлежат перевыставлению Поставщику. Поставщик обязуется в течение 30 (тридцати) календарных дней со дня выставления электронного счет-фактуры возместить данные расходы Покупателю.                                                                                                                                                                                                                     | Бұл ретте Жеткізуші қызметкерлерінің немесе оның өкілінің (дерінін), оның ішінде Жеткізуші Жұмыс алаңында болған кезеңде тартқан үшінші тұлғалардың тұруына және тамақтануына байланысты барлық шығыстар Жеткізушіге қайта ұсынылуы тиіс. Жеткізуші электрондық шот-фактура берілген күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Сатып алушыға осы шығыстарды өтеуге міндеттенеді.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 | In this case, all expenses related to accommodation and meals for the Supplier's employees or its representative(s), including third parties involved by the Supplier during their stay at the Site, are subject to re-charge to the Supplier. The Supplier undertakes to reimburse the Buyer for these costs within 30 (thirty) calendar days of the date of the electronic invoice.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
| 17.4 | <u>Визы работникам Поставщика, являющимся нерезидентами Республики Казахстан.</u><br>Если работнику Поставщика, являющемуся нерезидентом Республики Казахстан, требуется посетить Рабочую Площадку или другое указанное место в Казахстане, Поставщик обязан соблюдать визовые и миграционные Законы Республики Казахстан. В случае, если требования в отношении получения визы Республики Казахстан распространяются на работника Поставщика, Поставщик должен предоставить необходимую визовую поддержку.                                                                                                        | <u>Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмайтын Сатып алушының жұмыскерлерінің визасы</u><br>Егер Жеткізушінің Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмайтын жұмыскері Жұмыс алаңына немесе Қазақстандағы басқа да көрсетілген орынға баруы талап етілсе, Жеткізуші Қазақстан Республикасының визалық және көші-қон заңдарын сақтауға міндетті. Егер Қазақстан Республикасының визасын алуға қатысты талаптар Жеткізушінің жұмыскеріне қолданылатын болса, Жеткізуші қажетті визалық қолдауды ұсынуы тиіс.                                                                                                                                                                                                                           | <u>Visas for the Supplier's employees who are non-residents of the Republic of Kazakhstan.</u><br>If an employee of the Supplier who is a non-resident of the Republic of Kazakhstan is required to visit the Site or other designated locations in Kazakhstan, the Supplier must comply with visa and migration Laws of the Republic of Kazakhstan. Where the Republic of Kazakhstan visa requirements apply to the Supplier's employee, the Supplier's representative office in the Republic of Kazakhstan must provide required visa support.                                                                                                                                                                                                                               |
| 17.5 | По прибытии работников Поставщика в Республику Казахстан Покупатель предоставляет все необходимые документы в миграционную полицию Республики Казахстан для прохождения регистрации/подачи уведомления. Поставщик оплачивает все расходы, связанные с совершением таких действий.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  | Жеткізушінің жұмыскері Қазақстан Республикасының аумағына келген кезде Сатып алушы тіркеуден өту/хабарламаны беру үшін Қазақстан Республикасының көші-қон полициясына барлық қажетті құжаттарды ұсынады. Жеткізуші осындай іс-әрекеттерге байланысты барлық шығыстарды төлейді.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       | Upon arrival of Supplier's employees to the Republic of Kazakhstan, the Buyer will submit all required documents to migration police of the Republic of Kazakhstan to undergo registration/file notification. The Supplier shall pay all costs related to such actions.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |
| 17.6 | В случае нарушения Поставщиком визовых и/или миграционных Законов, включая оформление туристической визы вместо деловой, Поставщик несет ответственность в полном объеме за все возможные последствия, в том числе обязуется возместить причиненный Покупателю ущерб, включая административный штраф за нарушение миграционных Законов, расходы, связанные с задержанием и депортацией сотрудников Поставщика, неисполнением или просрочкой исполнения обязательств по настоящему Договору Поставки.                                                                                                               | Жеткізуші іскерлік визаның орнына туристік визаны ресімдеуді қоса алғанда, визалық және/немесе көші-қон Заңдарын бұзған жағдайда, Жеткізуші барлық ықтимал салдарлар үшін толық көлемде жауап береді, соның ішінде Сатып алушыға келтірілген залалды, көші-қон Заңдарын бұзғаны үшін әкімшілік айыппұлды, Жеткізушінің қызметкерлерін ұстауға және депортациялауға, осы Жеткізу шарты бойынша міндеттемелерді орындамауға немесе орындау мерзімін кешіктіруге байланысты шығыстарды қоса алғанда, барлық шығындарды өтеуге міндеттенеді.                                                                                                                                                                                                              | In case the Supplier and/ or its employees breach visa and/or migration Laws, including arranging a tourist visa instead of a business visa, the Supplier shall be fully responsible for all possible consequences including the obligation to reimburse damages caused to the Buyer including administrative fine for violation the migration Laws, expenses, related to custody and expulsion of Supplier's employees, failure to fulfil or delayed in performance of obligations under this Purchase Order.                                                                                                                                                                                                                                                                 |
| 17.7 | <u>Налог, удерживаемый у источника выплаты</u><br>Покупатель не несет ответственности перед Поставщиком, а                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         | <u>Төлем көзінен ұсталатын салық</u><br>Сатып алушы Жеткізушінің алдында жауап бермейді, ал                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           | <u>Withholding tax at the source of payment</u><br>The Buyer is not liable to the Supplier and the Supplier will have no                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |

|       |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |
|-------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|       | Поставщик не будет выставять Покупателю никаких требований в отношении сумм, подлежащих выплате Поставщику, которые Покупатель удержал из платежа в соответствии с требованиями Применимых Законов о налогообложении, до тех пор, пока Покупатель не освободится от всех видов Ответственности в соответствии с Применимым Законодательством в отношении суммы, удержанной таким образом, и не получит законное право выплатить сумму Поставщику. | Жеткізуші Сатып алушының мынадай әдіспен ұсталған сомаға қатысты Қолданыстағы заңнамаға сәйкес Жауапкершіліктің барлық түрлерінен босатылғанға дейін және Жеткізушіге соманы төлеу бойынша заңды құқықты алғанға дейін Сатып алушының Салық салу туралы қолданыстағы заңдардың талаптарына сәйкес төлемнен ұстап қалған Жеткізушіге төленуі тиіс сомаларға қатысты Сатып алушыға ешқандай талап қоймайды. | claim against the Buyer in respect of any sum payable to the Supplier, which the Buyer has withheld from payment in accordance with Applicable tax Law, until the Buyer is released from or relieved of all Liability pursuant to Applicable Law in respect of the sum so withheld and is lawfully entitled to pay the sum to the Supplier. |
| 17.8  | Никакая компенсация налоговых вычетов в дополнение к Сумме Договора Поставки или любой составляющей Суммы не должна применяться ни к какому налогу, который Покупатель обязан удержать у источника выплаты.                                                                                                                                                                                                                                       | Жеткізу шартының сомасына немесе Соманың кез келген құрамдас бөлігіне қосымша салық шегерімдерінің өтемақысы Сатып алушының төлем көзінен ұстап қалуға міндетті қандай да бір салығына қолданылмауы тиіс.                                                                                                                                                                                                 | No gross up to the Purchase Order Price or any component of the Price shall apply for any tax withholding that Buyer is required to make at the source of payment.                                                                                                                                                                          |
| 17.9  | <b>Удержание корпоративного подоходного налога</b><br>В тех случаях, когда в соответствии с Законом Покупатель обязан удерживать налоги, подоходный налог Республики Казахстан (порядка 5–20%) не должен удерживаться у источника выплаты при условии, что:                                                                                                                                                                                       | <b>Корпоративтік табыс салығын ұстау</b><br>Сатып алушы Заңға сәйкес салықтарды ұстап қалуға міндетті болған жағдайларда, Қазақстан Республикасының салықтары, табыс салығы (шамамен 5–20%) келесі жағдайларда төлем көзінен ұсталмауы тиіс:                                                                                                                                                              | <b>Withholding Corporate Income Tax</b><br>Where under the Law the Buyer is required to withhold taxes, the Republic of Kazakhstan income tax (in the order of 5–20%) does not need to be withheld at the source of payment provided that:                                                                                                  |
| a)    | существует действующий международный договор об избежании двойного налогообложения и предотвращения уклонения от налогообложения доходов или имущества (капитала) между Республикой Казахстан и страной (Конвенция), резидентом которой является Поставщик, при этом соблюдены условия такого договора по освобождению от такого налога;                                                                                                          | Қазақстан Республикасы мен Жеткізуші ол елдің резиденті болып табылатын елдің арасында қосарланған салық салуды болдырмау және табыстарға немесе мүлікке (капиталға) салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы қолданыстағы халықаралық шарт (Конвенция) болған, бұл ретте осындай салықтан босату жөніндегі осындай шарттың талаптары сақталған;                                                         | there is a valid international treaty for the avoidance of double taxation and prevention of tax evasion of income or property (capital) between the Republic of Kazakhstan and the country (the Treaty), in which the Supplier is a resident and its terms and conditions for exemption from such tax are complied with;                   |
| b)    | Поставщик своевременно предоставляет всю документацию, необходимую для освобождения Поставщика от уплаты налога, удерживаемого у источника выплаты, в соответствии с положениями Конвенции. Такая документация включает в себя:                                                                                                                                                                                                                   | Жеткізуші Конвенцияның ережелеріне сәйкес Жеткізушіні төлем көзінен ұсталатын салықты төлеуден босату үшін қажетті бүкіл құжаттаманы уақытылы ұсынған жағдайда. Мұндай құжаттама мыналарды қамтиды:                                                                                                                                                                                                       | The Supplier shall provide, in due time, all the documentation necessary for exemption of the Supplier from payment of the tax withheld at the source of payment, in accordance with the provisions of the Treaty. Such documentation shall include:                                                                                        |
| i     | оригиналы документа, подтверждающего постоянное местонахождение Поставщика, выданного в стране его юрисдикции (далее – «Корпоративный сертификат налогового резидентства»), и                                                                                                                                                                                                                                                                     | Жеткізушінің заң құзыретіне қарасты елде берілген тұрақты орналасқан жерін растайтын құжаттың түпнұсқалары (бұдан кейін «Салық резиденттігінің корпоративтік сертификаты»), және                                                                                                                                                                                                                          | originals of the document confirming the permanent residence of the Supplier issued in the country of its jurisdiction (hereinafter, the «Corporate Certificate of Tax Residence»), and                                                                                                                                                     |
| ii    | если Услуги оказываются в Республике Казахстан - выписка из Торгового реестра или нотариально заверенная копия уставных документов, или иного официального документа, выданного в стране резидентства Поставщика, с указанием главных учредителей/акционеров Поставщика.                                                                                                                                                                          | егер Қызметтер Қазақстан Республикасында көрсетілсе – Сауда тізілімінен көшірме немесе жарғылық құжаттардың, немесе Жеткізушінің резиденттік елінде берілген, Жеткізушінің бас құрылтайшылары/акционерлері көрсетілген өзге де ресми құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі.                                                                                                                        | if services are rendered in the Republic of Kazakhstan - an extract from the Commercial Register or a notarized copy of the incorporation documents or any other official document issued in the country of the Supplier's residence, indicating the principal founders/shareholders of the Supplier.                                       |
| 17.10 | Требования к Корпоративному сертификату налогового резидентства:                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  | Салық резиденттігінің корпоративтік сертификатына қойылатын талаптар:                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     | Requirements for the Corporate Certificate of Tax Residence:                                                                                                                                                                                                                                                                                |
| a)    | Сертификат должен быть выдан уполномоченным государственным органом страны Поставщика;                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            | Сертификатты Жеткізушінің елінің уәкілетті мемлекеттік органы беруі тиіс;                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 | The certificate must be issued by an authorized state body of the Supplier's state;                                                                                                                                                                                                                                                         |
| b)    | Сертификат должен быть подписан уполномоченным лицом государственного органа, выдавшего Сертификат, а также с печатью данного государственного органа;                                                                                                                                                                                                                                                                                            | Сертификатқа Сертификатты берген мемлекеттік органның уәкілетті тұлғасының қолы қойылуы, сондай-ақ осы мемлекеттік органның мөрі басылуы тиіс;                                                                                                                                                                                                                                                            | The certificate must be signed by an authorized person of the state body that issued the Certificate and have a seal of such state body;                                                                                                                                                                                                    |
| c)    | Оригинальная подпись уполномоченного лица и оригинальная печать государственного органа;                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          | Уәкілетті тұлғаның түпнұсқа қолы және мемлекеттік органның түпнұсқа мөрі;                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 | Wet ink signature of the authorized person and the seal of the state body;                                                                                                                                                                                                                                                                  |
| d)    | Подлинность подписи уполномоченного лица                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          | Сертификатқа қол қойған және оны берген мемлекеттік                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       | The apostille or legalization of the Certificate must certify the                                                                                                                                                                                                                                                                           |

|       |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |
|-------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|       | государственного органа, подписавшего и выдавшего Сертификат, должна удостоверяться апостилом или легализацией Сертификата;                                                                                                                                                                                                                                                                              | органның уәкілетті тұлғасының қойған қолының түпнұсқалығы апостильмен немесе сертификаттың заңдастырылуымен куәландырылуы тиіс;                                                                                                                                                                                                                                                                   | authenticity of the signature of the authorized person of the state body that signed and issued the Certificate;                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |
| e)    | Апостиль или легализация должны быть выполнены в стране, выдавшей Сертификат.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            | Апостиль немесе заңдастыру Сертификатты берген елде жасалуы тиіс.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 | The apostille or legalization must be made in the country that issued the Certificate.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |
| 17.11 | Удержание подоходного налога с работников Поставщика. В том случае, если работники Поставщика въезжают на территорию Республики Казахстан для оказания услуг (при наличии) по настоящему Договору Поставки, Поставщик обязуется предоставить следующие документы:                                                                                                                                        | Жеткізушінің жұмыскерлерінен табыс салығын ұстау. Егер Жеткізушінің жұмыскерлері осы Жеткізу шарты бойынша қызметтер көрсету (болған жағдайда) үшін Қазақстан Республикасының аумағына келетін жағдайда, Жеткізуші төмендегі құжаттарды ұсынуға міндеттенеді:                                                                                                                                     | Withholding Income Tax from Payments to Supplier's Employees. In case the Supplier's employees arrive to the Republic of Kazakhstan for rendering services (if applicable) under this Purchase Order, the Supplier undertakes to provide the following documents:                                                                                                                                                                   |
| a)    | Письменное подтверждение количества календарных дней пребывания каждого работника в Республике Казахстан с приложением копий документов, подтверждающих въезд и выезд с территории Республики Казахстан. Данное подтверждение с приложением документов предоставляется Покупателю не позднее дня платежа за Поставку;                                                                                    | Қазақстан Республикасының аумағына кіруін және шығуын растайтын құжаттардың көшірмелерін қоса ұсына отырып, әр жұмыскердің Қазақстан Республикасында болған күнтізбелік күндерінің санын жазбаша растау. Құжаттарды қоса бере отырып, осы растау хат Сатып алушыға Жеткізу үшін төлем жасалған күннен кешіктірілмей беріледі;                                                                     | A written confirmation of the number of calendar days of a stay of each employee in the Republic of Kazakhstan with the attached copies of documents confirming entry to and departure from the territory of the Republic of Kazakhstan. Such confirmation with the attachments shall be provided to the Buyer not later than the day of payment for the Supply;                                                                    |
| b)    | Если работники Поставщика находятся на территории Республики Казахстан более 183 (ста восьмидесяти трех) календарных дней в течение любого последовательного двенадцатимесячного срока, то Поставщик, до дня платежа за Поставку, предоставляет следующие документы:                                                                                                                                     | Егер Жеткізушінің жұмыскерлері Қазақстан Республикасының аумағында кез келген жүйелі он екі ай мерзім ішінде 183 (бір жүз сексен үш) күнтізбелік күннен аса болса, онда Жеткізуші Жеткізу үшін төлем жасалатын күнге дейін келесі құжаттарды ұсынады:                                                                                                                                             | If the Supplier's employees stay in the Republic of Kazakhstan for more than 183 (one hundred eighty three) calendar days in any consecutive twelve-month period, the Supplier shall, before the day of payment for the Supply, provide the following documents:                                                                                                                                                                    |
| i     | нотариально заверенные и легализованные (апостилированные) копии трудовых договоров, заключенных с работниками, въезжающими на территорию Республики Казахстан для оказания Услуг. Эти документы необходимы для расчета Покупателем Индивидуального подоходного налога для Нерезидентов (ИПН) в размере 10 (десяти)% от вознаграждения работника такого Поставщика и удержания такой суммы ИПН из Суммы; | Қазақстан Республикасының аумағына қызмет көрсету үшін келетін жұмыскерлермен жасалған еңбек шарттарының нотариалды куәландырылған және заңдастырылған (апостиль қойылған) көшірмелері. Бұл құжаттар Сатып алушының Бейрезиденттер үшін Жеке табыс салығын (ЖТС) осындай Жеткізушінің жұмыскері сыйақысының 10 (он)% мөлшерінде есептеуі және осындай ЖТС сомасын Сомадан ұстап қалуы үшін қажет; | the notarized and legalized (apostilled) copies of employment contracts concluded with the employees entering the territory of the Republic of Kazakhstan for rendering Services. These documents are required for the calculation by the Buyer of the Individual Income Tax for the Non-Residents (the IIT) in the amount of 10 (ten) % of such Supplier's employee's remuneration and withholding such IIT amount from the Price; |
| ii    | Если Поставщик не предоставил трудовые договора для расчета удерживаемого ИПН, Покупатель в соответствии с требованиями налогового законодательства Республики Казахстан, при оплате Поставки/Услуг удерживает ИПН в размере 8 (восьми) % от всей Суммы Договора Поставки.                                                                                                                               | Егер Жеткізуші ұстап қалатын ЖТС есептеу үшін еңбек шарттарын ұсынбаса, Сатып алушы Қазақстан Республикасының салық заңнамасының талаптарына сәйкес Тауар жеткізіліміне/Көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу кезінде Жеткізу шартының барлық Сомасының 8 (сегіз) % мөлшерінде ЖТС ұстап қалады.                                                                                                     | If Supplier has not provided the employment contracts for calculation of withholding IIT, the Buyer shall, in accordance with the tax legislation of the Republic of Kazakhstan withhold the IIT in the amount of 8 (eight) % from the entire Purchase Order Price, while making payment for the Supply/Services.                                                                                                                   |
